

## Байланыс қызметтерін ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Көлік және коммуникациялар министрлігі Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 12-2-2/2010 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 23 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2022. Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 31 қаңтардағы N 32-п бұйрығымен.

-----бұйрықтан үзінді-----

*"Байланыс саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы"*  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 998 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Байланыс қызметтерін ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Көлік және коммуникациялар министрлігі Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 12-2-2/2010 бұйрығының күші жойылды деп тану (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылғы 23 қазанда N 2022 болып тіркелген)...

*Төрағаның м.а.*

Байланыс қызметтерін ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметпен айналысуға арналған лицензияларды беру жөніндегі жұмыстарды тәртіпке келтіру мақсатында және "Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1665 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беруге етініштерді қарау жөніндегі лицензиялық комиссияның жұмыс регламенті;

2) Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беруге етініштерді қарау мен лицензиялар беру нұсқаулығы бекітілсін.

2. Байланыс саласындағы лицензиялау және РЖС пайдалануды жоспарлау басқармасының бастығы (Нұршабеков Р.Р.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіппен

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төраға орынбасары  
А.К.Жұмағалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Көлік және  
коммуникациялар министрлігінің  
Байланыс және ақпараттандыру  
жөніндегі комитеті Төрағасының  
2002 жылғы 20 қыркүйектегі  
N 12-2-2/2010 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға өтініштерді қарау және лицензиялар беру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Занына, "Почта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожиілік спектрін пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 қаулысына (бұдан әрі - Ереже) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға өтініштерді қарау және лицензияларды беру тәртібін жүйелейді.

2. Лицензиялар алу үшін заңды және жеке тұлғалар Комитетке Ережеде белгіленген қажетті құжаттарымен қоса, Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініштерін (бұдан әрі - өтініш) тапсырады.

3. Комитетке түсken өтініш кірістік хат-хабарлар журналына тіркеледі және Байланыс саласындағы лицензиялау және РЖС пайдалануды жоспарлау басқармасына (бұдан әрі - Басқарма) түседі.

Құжаттар Басқармаға түсken жағдайда, өтініш кірістік хат-хабарлар журналына тіркеледі және Байланыс саласындағы лицензиялау, стандарттау және сертификаттау бөліміне (бұдан әрі - ЛБ) тапсырылады.

4. Құжаттар ЛБ түсken сәттен бастап тапсырылған материалдардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарына сәйкестілігі тексеріледі, бұдан кейін материалдар Комиссияның қарауына ұсынылады.

5. Өтініш қарауға мынадай жағдайларда қабылданбайды:

1) өтініш мемлекеттік монополияға жатқызылған қызмет түрлеріне берілгенде ;

2) Ереженің 20-22-тармақтарына сәйкес барлық талап етілетін құжаттар тапсырылмағанда.

6. Радиожиілік спектрін (бұдан әрі - РЖС) пайдалануға байланыссыз қызметке өтініш бергенде, ЛБ Қазақстан Республикасында поча байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін лицензия беруге арналған өтініштерді қарау жөніндегі лицензиялық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) мүшелері қарау үшін лицензиялардың жобаларын әзірлейді.

7. РЖС пайдаланумен байланысты кәсіпкерлік қызметке өтініш бергенде, ЛБ құжаттар жиынтығының көшірмесін радиожиілікті меншіктеу бөліміне радиожиілікті пайдалану мүмкіндігіне немесе мүмкін еместігіне техникалық, қорытынды әзірлеу үшін тапсырады.

8. Комиссия мәжілісіне дейінгі үш күн ішінде Комиссия Хатшысы дайындалған лицензияларға қосымшалардың жобаларын және өтініш берушілер жөніндегі қысқаша анықтаманы Комиссия мүшелеріне қарауға жібереді. Қорытынды ұсыну мақсатында Комиссия мүшелері мәжілісті өткізгенге дейін лицензиялық істермен таныса алады.

Өздерінің ұсынымдарын Комиссия мүшелері лицензиялық комиссияның хатшысына мәжіліс басталғанға дейінгі бір күн ішінде жазбаша түрде тапсырады.

9. Комиссия Комитет Төрағасына лицензия беру не лицензия беруден бас тарту туралы ұсыныс жасайды.

10. Комиссия ұсыныстарының негізінде Комитет Төрағасы лицензия беру не лицензия беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11. Лицензияларды өткізілген конкурс негізінде бергенде, ЛБ оларды конкурстық комиссияның хаттамалық шешіміне сәйкес Ереженің 3-тармағында тағайындалатын конкурсты өткізу шарттарында белгіленген мерзімде және тәртіппен ресімдейді.

12. Лицензия өтінімді тіркеген сәттен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірмей ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - ЛБ-ға барлық қажетті құжаттарымен бірге өтініш келіп түскеннен кейін 10-күндік мерзімнен кешіктірмей беріледі.

Қажет болғанда, Ереженің 27-тармағына сәйкес ұсынылған материалдар техникалық сараптау жүргізуге жіберілуі мүмкін, бұл туралы өтініш берушіге жазбаша хабарланады. Бұл ретте өтінішті қарау мерзімі өтініш берушімен келісім бойынша екі айдан артық емес уақытқа ұзартылуы мүмкін.

13. Төраға лицензияға қол қойғаннан кейін өтініш берушіге 3-күндік мерзімде ЛБ-дан немесе Комитеттің аумақтық бөлімшесінен лицензияны алу қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі.

Лицензия өтініш берушіге немесе оның сенімді адамына беріледі.

Лицензия алу үшін өтініш берушінің (занды тұлғаның) өкілетті адамы немесе

оның сенімді адамы мыналарды: лицензия алуға сенімхат, жеке куәлігін ұсынады . Лицензия бланкісіне оның берілген күні қойылады және алушыға тиісті күжаттар ресімделгеннен кейін лицензия беріледі.

14. ЛБ байланыс саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға берілген, тоқтатылған және кері шақырылған лицензиялардың тізілімін жүргізеді, лицензиялардың көшірмелерін лицензиаттардың лицензия шарттарын орындауды жүзеге асыратын Байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау басқармасына тапсырады.

ЛБ тоқсан сайын берілген, тоқтатылған және кері шақырылған лицензиялардың мерзімдік басылымдарда жарияланатын тізімін жас, сондай-ақ " Қазақтелеком" ААҚ-қа, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жаңындағы Операторлар кеңесіне және жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Қаржы полициясының агенттігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетіне мәліметтер үшін жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Көлік  
және коммуникациялар министрлігінің  
Байланыс және ақпараттандыру  
жөніндегі комитеті Төрағасының  
2002 жылғы 20 қыркүйектегі  
N 12-2-2/2010 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар беруге етініштерді қарау жөнінде лицензиялық комиссияның жұмыс РЕГЛАМЕНТИ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Регламент "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласында кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожиілік спектрін пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 қаулысына сәйкес әзірленді.

## **2. Лицензиялық комиссияның қызметін ұйымдастыру**

2. Қазақстан Республикасында пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар беруге етініштерді қарау жөнінде лицензиялық комиссияның құрамы (бұдан әрі -

Комиссия) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

3. Комиссияның құрамына Комитеттің білікті мамандары енгізіледі.

4. Комиссияның хатшысы - Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеттің байланыс саласындағы лицензиялау стандарттау және сертификаттау бөлімінің қызметкері, іс жүргізу ережесіне сәйкес Комиссияның қарауына ұсынылатын материалдармен барлық ағымдық жұмысты қамтамасыз етеді.

5. Комиссия Хатшысы байланыс саласындағы қызметтерді ұсынуға лицензияларға қосымшалар жобасының дұрыс ресімделуін тексереді және Комиссия мәжілісіне дейінгі үш күн ішінде қосымшалар жобасын және өтініш берушілер жөніндегі қысқаша анықтаманы Комиссия мүшелеріне қарауға жібереді. Корытынды ұсыну мақсатында Комиссия мүшелері мәжілісті өткізгенге дейін лицензия істерімен таныса алады.

6. Комиссия мүшелері мәжіліске дейінгі бір күн ішінде өздерінің ұсынымдарын жазбаша түрде комиссия Хатшысына тапсырады. Комиссияның барлық мүшелерінің қорытындысын алғаннан кейін Хатшы лицензиялық істі Комиссия мәжілісіне ұсынады.

### **3. Комиссия мәжілістері**

7. Комиссия мәжілістері айына екі рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда немесе комиссия мүшелерінің бастамасы бойынша кезектен тыс шақырылуы мүмкін.

8. Комиссия мәжілісі оған қатысуышылардың саны комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмағанда құқылы деп есептеледі.

9. Комиссия ашық дауыс беру жолымен шешім қабылдайды.

Шешім мәжіліске қатысуышы комиссия мүшелерінің жалпы санының басым дауысымен қабылданады. Комиссия Хатшысының дауыс беру құқығы жоқ.

Дауыс тең бөлінген жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, өздерінің пікірлерін жазбаша түрде мазмұндауға құқылы және ол мәжіліс хаттамасына тіркеледі.

10. Комиссияның барлық шешімдері хаттамада ресімделеді. Хаттамаға құжаттардың әрбір дестесі бойынша Комиссия мүшелерінің айтқан ұсыныстары мен үйгарымдары енгізіледі.

11. Комиссия Хатшысы мәжіліс өткеннен кейін үш күн мерзім ішінде хаттаманы ресімдейді, оған комиссия мүшелері қол қояды және Комитет Төрағасы бекітеді.

12. Комиссия мәжілісінде лицензиялар жобаларын қарау кезінде қажет болуына қарай почта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы

кәсіпкерлік қызметке өтінім берген заңды және жеке тұлғалардың өкілдері дауыс беруге құқықсыз шақырылуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК